

А. Е. Туткушев, азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯН ӨТЕМАҚЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарына қол сұғуға тыйым салынады.

Конституцияда бекітілген азаматтардың құқықтарына құқық субъектілерін тану құқығы жатады. Азаматтар мен адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қарсы қарама-қайшы құқықтарын қорғауда, жетілдірілген заңгерлік көмекті алу үшін сотта қажетті құқықтарын қорғауды жүзеге асырады.

2010-2020 жылдары аралығындағы Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясат концепциясы тұжырымдамасын 2009 жылғы 24 тамыз айындағы Елбасы бекіткен үшінші деңгейдегі бағдарламалық құжаттама, құқықтық саясат барысында мемлекеттік құқықтық стратегияны жүргізу жүйесіндегі құқықтық іске асыру барысындағы маңыздылығын бағыттаймыз¹.

Моральдық зиян — жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемістілуі немесе олардың айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген (төзімін таусқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналтуы, залал шегу, қолайсыз жағыдайда қалу т. б.).

Моральдық зиян өтемақысы, құқықтық институт – біздің құқығымыз үшін жеткілікті жаңа құбылыс. Барлық кеңес дәуірі бойы, моральдық зиян өтемақы институты қоғамның моральдық қағидаларына қайшы келетін біздің құқықтық танымызға жат саналды. Моральдық зиян өтемақысы толығымен теріске шығарылды, себебі адаммен келтірілген дене немесе адамгершілік азаптар нақты ақшалай бағалауға берілмейді — бұл субъективті санаттар, сонымен бірге, оларды ақшалай тұрғыда бағалау амалдары, өз бетімен адамгершілікке жат².

Моральдық өтемақы институтына жеткіліксіз дәрежеде қарау көздері қоғамның тарихи дәстүрлеріне негізделеді және алуан түрлілігінің бірі моральдық зиянның өтемақысының «әлеуметтік» қоғамға қарсы сипатын басып айту амалы болып табылатын теңдестіруші беталыстардың күшті рөліне негізделеді. Қоғамдық адамгершілік тұрғысынан институтты айыптайтын тұлғалардың пікірлерінің бір жақты сипаты сондай-ақ ақшалай емес зиянды ақшалай бағалауға жол бермейтін жоғары моральға оларды шыдамдылықпен жүгінуіне әсер етеді.

Әрбір құқықтық институттың өзінің тіршілік ету мағынасы болады, себебі ол белгілі әлеуметтік-экономикалық функцияны орындайды, елдің әлеуметтік және экономикалық құрылысында рөл ойнайды. Моральдық зиян өтемақысы институтының мақсаты — оның қорғаушылары атап көрсеткендей, экономикамен ортақ ештеңесі жоқ, керісінше, оның міндеті таза адамгершілік, жеке адамның дербес құқықтарын қорғау.

Қазақстандық заңнамадағы «моральдық зиян» ұғымы шетел заңнамаларындағы ұқсас құқықтық институттармен сәйкес келеді. Алайда мұндай терминология ешқай жерде қолданылмайды. Қарастырылатын құқықтық институт белгілеріне «моральдық» сөзін пайдалану қазақстандық азаматтық заңнама ұстанымдарымен бір мағыналы емес. Сонымен бірге, терминологияға қатысты мәселе шетел құқығында да түпкілікті зардап деп санауға болмайды, оған шамалы дәрежеде құқықтық әсер етеді. «Моральдық» терминінің өзінен әңгіме мораль саласына келтірілетін зиян туралы жүруі шығады. Моральдық деп қоғамдық таным түрі түсіндіріледі. Адамдар өз әрекеттерінде басшылыққа алатын қағидалардың, ережелердің, нормалардың жиынтығы, бұл ретте моральдың маңызды ерекше сипаты қылықтар мен оларға түрткі болуларды адамгершілік бағалауды құрайды. Мұндай бағалаудың негізі жақсылық және жамандық туралы, борыш, әділдік және әділетсіздік туралы, намыс пен намыссыздық туралы қоғамда туындаған көріністер болып табылады.

Моральдық зиянды психологиялық ретінде түсіну «моральдық зиян» терминіне заң шығарушылар мен зерттеушілермен салынатын мазмұнға толығымен сәйкес келеді³.

Сонымен, моральдық зиян зардап шегушінің психологиялық әл-ауқатының, тұлғалық жан тепе-теңдігінің бұзылуында көрінеді. Оған қарсы жасалған құқық бұзушылық нәтижесінде зардап шегуші қорлауды, ашушаңдықты, ызаны, ұятты, ашынушылықты, дене азабын, залалдылықты, жайсыз жай-күйді, яғни психикалық сипатты, психикалық зиянды сезінеді (ұшырайды, бастан кешіреді).

Моральдық зиян адамның қағидаларына, мораль нормаларымен анықталатын және заңмен қорғалатын оның құндылықтар жүйесіне қастандық жасаудың негізгі салдары болып табылады. Қылмыстық заңнамамен намыс, адамгершілік қатынастары, адамның адал аты ғана мораль саласында қорғалатындықтан, онда моральдық шығын осы құндылықтарға қылмыстық қастандық жасау салдарынан ғана туындайды және жала мен балағаттау туралы істер бойынша ғана таза түрде қатыса алады. Барлық қалған жағдайларда әңгімені «дене зиян» (дене азабы) туралы, не «психикалық зиян» (адам психикасындағы негативті өзгерістер, психикалық сипат салдарлары) туралы ғана жүргізуге болады⁴.

Адамның дене және адамгершілік азаптары толтырылмайды, олай болса оларды «ақшаға сатып алуға», өтеуге болмайды. Сондықтан әңгіме барысы реституция, келтірілген азаптарды ақшалай эквиваленті туралы емес, ал олардың салдарын жуып-шаю туралы болатынын бірнеше рет атап өтті. Осыған орай, өтеу туралы емес, адамның теріс эмоцияларын жуып-шаю мақсатына әкелетін моральдық зиянның өтемақысы туралы айтқанымыз дұрысырақ болар еді⁵.

Өкінішке орай, аталмыш тәсіл біздің заңнамада өзінің бекітілімін таппады. Жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктерді қорғаудың тиімді құқықтық құралдарының болмауын ескере отырып, соттармен өтемақы туралы істерді қарау кезінде моральдық зиянның өтемақы институтының қалыптасуының бастапқы кезеңінің басты факторы осы институттың шынайы өмірге эволюциялық енуі болып табылатынын атап өту керек. Қазақстандық заңнамаға моральдық зиян өтемақысы туралы нормаларды түбегейлі бекіту соттардың менталитетін, сондай-ақ жеке мүліктік емес құқықтар мен игіліктерді қорғау құқықтарын жүзеге асыруды әрбір азаматқа қамтамасыз ететін, моральдық зиянды өтеу институтының жұмыс істейтін тиімді механизмін құруға бағытталған тәжірибелік ұсыныстарды жасауға заңтану ғалымдардың шығармашылық белсенділігін өзгерту үшін қолайлы алғышарттар жасайды.

-
- ¹ Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы. // www.akorda.kz
 - ² Козарук Е. Г. Проблемы компенсации морального вреда в правоприменительной практике // Известия Южного федерального университета. Технические науки. — 2011. — Т. 14. — № 1. — С. 202-205.
 - ³ Шиктыбаев Т. Моральный вред: проблемы понятия и ответственности // Правовая реформа в Казахстане. — 2003. — № 4.
 - ⁴ Рахимов Е. К. Актуальное проблемы возмещения морального вреда // Мат-лы межд. науч.-практ. конф., посвященной 80-летию Е. А. Букетова. — Караганда, 2005. — Т. 2. — С. 487.
 - ⁵ Даниленков А. В. Компенсация морального вреда в семейных правоотношениях // Закон. — 2015. — № 7. — С. 152-157